



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЖҰМЫС НҰСҚАУ

ЖН-03-23

ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (SILLABUS) ЖАСАЛУЫ МЕН МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

АЛҒЫ СӨЗ

1. ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімімен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы
Оралова З.М.
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор
Байнеева П.Т.
– Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және
сапаны басқару бөлімінің басшысы
Суттибаева А.А.
4. Университеттің Ғылыми кеңесінің 29 11 2023 № 5 мәжілісінде
талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2023
6. Тексерілу мерзімі – 2025

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2023

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) - оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, әдебиеттер тізімін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы.

Студенттер үшін пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (Syllabus) негізгі міндеттерін, жауапкершілігін, орындалу уақытын, т.б.көрсетіп, қызмет түрін атқаруға қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжат (Қосымша 1).

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-тің құрылым басшылары, кафедра меңгерушілері, пән оқытушылары, мамандар және қызметкерлер аталған құжаттарды дайындағанда ҚР оқу-әдістемелік нормативтік-құқық құжаттарын, Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын және осы жұмыс нұсқауын жетекшілікке алуға міндетті.

Студенттер үшін пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-нің СМЖ құжаттарының құрамына енеді.

2 ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (SILLABUS) МӘТІНІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1 Студенттер үшін пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (Syllabus) мәтіні қысқа, дәл, тиісті қолданыс саласында қызмет түрін атқаруға қажетті және жеткілікті болуы керек.

2.2 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының титулдық бетінде университет, факультет, кафедра атаулары; ББ коды, атауы; пәннің коды, атауы; оқу түрі; курс; семестр; кредит саны; сағат саны; дәріс сағаттары; практикалық/семинар/зертханалық сабақтардың сағаттары; ОСӨЖ сағаттары; СӨЖ сағаттары; курстық жұмыс (жұмыс оқу жоспарында қарастырылса); межелік бақылау апталары; қорытынды бақылау формасы; оқытушы туралы қысқаша мәліметтер (аты-жөні, кеңес беру уақыты, орны, байланыс тел., e-mail) беріледі.

2.2 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасында (Syllabus) болуы тиіс:

- Пәннің сипаттамасы;
- Пән бойынша қалыптасатын оқу нәтижелерінің МЖБС деңгейлері бойынша дескрипторларға сәйкестігі;
- Пәннің мазмұны мен құрылымы;
- Студенттердің өзіндік жұмысының тапсырмалары;
- Оқу сабақтарын өткізу нысандары;
- Студенттердің үлгерімін межелік бақылау;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету;
- Пайдаланатын әдебиеттер мен web сайттар тізімі;
- Білім алушының білімін бағалау саясаты
- Білім алушыға қойылатын талаптар

2.3 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасында (Syllabus):

- ауызекі сөз айналымын пайдалануға болмайды;
- түсініктің мағынасы анық жазылуы тиіс.

2.4 Студенттердің жұмыстарын бағалау критерийлері Қосымша 2 сәйкес анықталады.

3 ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫН (SILLABUS) ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСІЛУ ЖӘНЕ БЕКІТІЛУ ТӘРТІБІ

3.1 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (Syllabus) кафедраның пән оқытушысы дайындайды, кафедра мәжілісінде талқыланады және кафедра меңгерушісі қол қояды.

3.2 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасын (Syllabus) факультет деканы бекітеді.

3.3 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) кафедрада пәннің оқу-әдістемелік кешенінде сақталады.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		11 беттің 3-беті

3.4 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) электронды нұсқасы университеттің «Платонус» ААЖ-гі «ОӘК» бөліміне енгізіледі.

4 ПӘННІҢ ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫНА (SILLABUS) ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) жойылғанша немесе жаңасымен алмастырылғанша күшін сақтайды.

4.2 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасына (Syllabus) өзгерістер кафедра меңгерушісінің көрсетуімен енгізіледі. Пәннің оқу жұмыс бағдарламасына (Syllabus) өзгертулер енгізу тәртібі жұмыс нұсқауларын келісілу тәртібімен бірдей.

4.3 Пәннің оқу жұмыс бағдарламасына (Syllabus) енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге кафедрада сақталады.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дайындалған пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (Syllabus) мазмұнына оны дайындаған пән оқытушысы, кафедра меңгерушісі жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор



Байнеева П.Т.

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы

Суттибаева А.А.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 4-беті

Жұмыс нұсқаудың жазбалары:

1. Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) Ф.ЖН-03.01
2. Пән бойынша тапсырмаларды бағалау критерийлері Ф.ЖН-03.02

Қосымша 1. Ф.ЖН-03.01

«ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» ЖШС

«_____» факультеті

«_____» кафедрасы

Бекітілді
Факультет деканы

(КОЛЫ) (АТЫ-ЖӨНІ)
_____ 20__ ЖЫЛ

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

Білім беру бағдарламасының коды, атауы: _____

Пәннің коды, атауы: _____

Оқу түрі: _____

Курс:

Семестр:

Кредит саны:

Сағат саны:

Дәріс:

Практикалық/семинар/зертханалық сабақ:

ОСӨЖ:

СӨЖ:

Курстық жұмыс:

Межелік бақылау (МБ): 7, 15 апталар

Қорытынды бақылау: (ауызша, жазбаша, тест)

Оқытушы туралы қысқаша мәліметтер
(аты-жөні, кеңес беру уақыты, орны,
байланыс тел., e-mail)

Шымкент, 20__

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 5-беті

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген 6В.....-..... білім беру бағдарламасы және жұмыс оқу жоспары негізінде дайындалған.

Құрастырған(дар): _____

Пәннің оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) «.....» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, факультет кеңесіне бекітуге ұсынылды.

№__ хаттама, __ _____ 20 жыл

Кафедра меңгерушісі, (ғылыми дәрежесі мен атағы) _____
(қолы) (аты-жөні)

Пәннің сипаттамасы

Пәннің мақсаты	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пәннің міндеттері	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пәннің қысқаша сипаттамасы	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пәннің пререквизиттері	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады
Пәннің постреквизиттері	Элективті пәндер каталогынан (ЭПК) алынады

Пән бойынша қалыптасқан оқу нәтижелері

МЖБС бойынша деңгейдің дескрипторлары (6, 7).	Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН)
оқу саласындағы озық білімге сүйене отырып, оқу саласындағы білімі мен түсінігін көрсету	
білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдерді тұжырымдау және оқу саласындағы мәселелерді шешу	
әлеуметтік, этикалық және ғылыми пікірлерді ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіру;	
оқу саласындағы оқу, практикалық және кәсіптік міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімдерін қолдану	
оқу саласында одан әрі білім алуды өз бетінше жалғастыруға қажетті оқу дағдылары	
ғылыми зерттеу және академиялық жазу әдістерін білу және оларды оқу саласында қолдану	
фактілер, құбылыстар, теориялар және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктер туралы білім мен түсінуді зерттеу саласында	

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 6-беті

қолдану;	
академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну	

1. Дәріс тақырыптары

№	Апта реті	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	Сабақ өту формасы	Әдебиеттер
1–модуль (атауы)					
1	1-апта		1	Дәріс-дискуссия	НӨ: 1,5,7,11,12 ҚӘ: 2,6,7
2	2-апта		1	Дәріс-пресс-конференция	НӨ: 6,10,11 ҚӘ: 2,3,4,7
....		1	Алдын-ала жоспарланған кателіктермен дәріс	НӨ: 6,10,11 ҚӘ: 2,3,5
2–модуль (атауы)					
....	8-апта		1	Нақты жағдайды талдау дәрісі	НӨ: 10,13 ҚӘ: 3,5,6,7
.....		1	Дәріс-дискуссия	НӨ: 1,5,7,11,12 ҚӘ: 2,6,7
Барлығы			15		

2. Практикалық/семинар/зертханалық сабақтардың тақырыптары

(оқыту форматын ескере отырып)

2.1 Офлайн форматта

№	Апта реті	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	Сабақ өту формасы	Әдебиеттер
1–модуль (атауы)					
1	1-апта		1	зерттеу жүргізу	НӨ: 1,5,7,11 ҚӘ: 2,3,6
2	2-апта		1	практикалық жағдайларды талдау	НӨ: 3,7,9,12 ҚӘ: 1,4,6,7
2–модуль (атауы)					
....	8-апта		1	дискуссия	НӨ: 2,6,8,13 ҚӘ: 3,4,7
.....		1	топтық жоба дайындау	НӨ: 2,6,7,10 ҚӘ: 3,4,5
Барлығы			15		

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 7-беті

2.2 Қашықтықтан оқыту технологияларды пайдалана отырып (Platonus, Zoom, Webex Meetings т.б. платформалары арқылы)

№	Апта реті	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	Сабақ өту формасы	Телекоммуникациялық құралдар, электронды ресурстар («Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (http://80.241.36.163:8080); РМЭБ (http://rmebrk.kz/); Университеттің электронды кітапханасы (https://lib.tashenov.edu.kz/) және т.б.)
1–модуль (атауы)					
1	1-апта			зерттеу жүргізу	http://rmebrk.kz/book/612
2	2-апта			практикалық жағдайларды талдау	http://80.241.36.163:8080
2–модуль (атауы)					
....			дискуссия	https://lib.tashenov.edu.kz/
Барлығы			15		

Ескерту: Практикалық/семинар/зертханалық сабақтардың тақырыптық жоспарын дайындауда оқыту форматын ескеріледі: офлайн форматта өтілетін сабақтар 2.1 кестеге сәйкес, ал қашықтықтан оқыту технологияларды пайдалана отырып өткізілетін сабақтардың тақырыптық жоспары 2.2 кестеге сәйкес дайындалады.

3. ОСӨЖ тапсырмалары

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны	ОСӨЖ тапсырмалары	Оқыту нәтижелеріне жету жолдары	Тапсыру мерзімі
1-модуль (атауы)					
1	3	Баяндама дайындау	Баяндама қорғау	3-апта
2	3	Портфолионы дайындау	(Презентация, кейс/ бағдарлама) портфолио	5-апта
3	3	Кейс дайындау	Кейс презентациясы	6-апта
2-модуль (атауы)					
4	3	Шолу мақаласын дайындау және жазу	Мақала қорғау	10-апта
5	3	Реферат жазу	Реферат қорғау	12-апта
6	3	Топтық жоба дайындау	Топтық жобаны қорғау	14-апта

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 8-беті

Барлығы	15			
----------------	-----------	--	--	--

4. СӨЖ тапсырмалары

№	Тапсырма атауы	Тапсыру мерзімі
1–модуль (атауы)		
1		2-апта
.....		3-апта
.....		5-апта
2–модуль (атауы)		
.....		10-апта
.....		12-апта
.....		14-апта

Ескерту: Курстық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптары - Оқу жоспарында қарастырылмаған болса, алып тастаңыз!!! Пән бойынша жұмыс оқу жоспарында қарастырылған сабақ түрін ғана қалдыру керек).

5. Оқу сабақтарын өткізу нысандары

Дәрістер: онлайн-форматта, бейне-дәрістер, тренингтер, қонақ лекциялары, вебинарлар, бейнеконференциялар, белсенді интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы, дискуссиялар, университеттің ПОҚ және ҚР жетекші жоғары оқу орындары мен шетелдік жоғары оқу орындары әзірлеген ЖАОК;

Практикалық сабақтар: стартаптарды, жобаларды әзірлеумен практикалық-бағдарланған тәсіл, практикалық жағдайларды талдау (case-study), виртуалды практикалық тапсырмаларды орындау және т.б.

Зертханалық сабақтар: эксперименттік, виртуалды зертханалық жұмыс, зертханалық жұмысты топпен орындау.

ОСӨЖ, СӨЖ тапсырмалары: лекция конспектілерін құрастыру, есептерді шешу, бақылау жұмыстарын орындау, глоссарий, эссе, реферат, портфолио жазу, презентациялар дайындау және т.б.

6. Студенттердің үлгерімін межелік бақылау

Студенттердің үлгерімін межелік бақылау оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімдерін бақылауды қамтиды: лекциялардағы сұрау, практик/семинар сабақтарындағы сұрау және сабақ айту, үй тапсырмасын орындау, зертханалық жұмыстарды орындау және қорғау, СӨЖ қорғау.

Аралық бақылау – коллоквиумдарды тапсыру, ауызша сұрау жүргізу, жазбаша жұмыстарды, тест тапсырмаларын қорғау және т.б. үлгілер. (оқытушының қалауы бойынша).

7. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету*

7.1. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы жеке-дифференциалды көзқарас

7.2. Сабақтардың барлық түрлеріне жеке дифференциалды көзқарас

* **Ескерту:** тапсырманың барлық түрін тапсыруға және студенттің таңдауы бойынша бақылауға болады.

8. ПАЙДАЛАНАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН WEB САЙТТАР ТІЗІМІ

Негізгі.

1.....

2.....

Қосымша.

1.....

2.....

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 9-беті

9. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

9.1. Студенттердің білімін бақылау мен бағалау балдық-рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асырылады:

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

9.2. Ағымдық бақылау оқу үрдісінде студенттің білімін, оның аудиториялық сабақтардағы белсенділігі мен өздік жұмыстарын уақытылы орындауын жүйелі тексеруге бағытталған. Әрі студенттің семестр бойындағы жалпы жұмысын, яғни практикалық сабақтарға қатысуын (семинар), ОСӨЖ жұмыстарын орындауын, ағымдық бақылауларды тапсыруын, шығармашылық белсенділігін, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағалау жүргізіледі. Ағымдық бақылау пән оқытушымен жүргізіледі.

9.3. ОСӨЖ(СӨЖ) тапсырмалары және оларды орындауға қойылатын талаптары мен бағалау критерийлері «Platonus» жүйесіне енгізілген.

9.4. Оқытушы бір семестр бойы барлық білім алушылар үшін семестр бойы оқилатын пәндерден екі міндетті межелік бақылауды келесі мерзімдерде өткізеді: бірінші межелік бақылауды – 7 (жетінші) аптада және екінші межелік бақылауды – 15 (он бесінші) аптада.

9.5. Бағалау тәртібі: әрбір межелік бақылау апталығына дейін профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, зертхана, семинар, ОСӨЖ, СӨЖ және т.б. сабақтарында бағалап, орта арифметикалық қосындысын 3, 5, 6, 10, 12, 14 апталарда «Platonus» жүйесіне енгізіп отырады.

Жұмыстарды тапсыру кестесі

Апталар/ Тапсырмалар	1	2	3	4	5	6	Σ	7	8	9	10	11	12	13	14	Σ	15		
Лекциядағы жұмыс			100		100	100					100		100		100				
Семинар (практ) сабақтағы белсенділігі			100		100	100					100		100		100				
ОСӨЖ тапсырмалары			100		100	100					100		100		100				
СӨЖ тапсырмалары			100		100	100					100		100		100				
АБ 1,2			100		100	100	АБО 1 ≤100				100		100		100	АБО 2 ≤100			
МБ 1,2								МБ1 ≤									МБ2 ≤		

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 10-беті

						100									100			
Е																	$E \leq 100$	
ҚБ																		$ҚБ \leq 100$

Ескерту: Ағымдық бақылаудың келтірілген әрбір түрі бойынша максималды баға кестеде көрсетілген апталарда қойылады.

Межелік бақылау: 7-ші және 15 аптада өтетін тест(ауызша, жазбаша)

Қорытынды емтихан: емтихан сессиясы кезеңінде

Ағымдық бақылаудың орташа пайызы (АБО1,2) – 30 %

Межелік бақылау (МБ1,2) – 30%

Қорытынды емтихан (Е) – 40%

Жалпы: 100%

Қорытынды баға төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

$$\text{Қорытынды баға (ҚБ)} = (АБО1+МБ1+АБО2+МБ2)/4*0,6 + (Е*0,4)$$

Бұл жерде:

АБ	Ағымдық бақылау
АБО 1 -	3,5,6 апталардағы ағымдық бақылаулардың орта балы
МБ1 -	1-7 апталарда өтілген тақырыптар бойынша алынған бақылаудың (бірінші межелік бақылау) нәтижесі
АБО 2 -	10,12,14 апталардағы ағымдық бақылаулардың орта балы
МБ2 –	8-15 апталарда өтілген тақырыптар бойынша алынған бақылаудың (екінші межелік бақылау) нәтижесі
Е -	Емтихан бағасы
ҚБ -	Қорытынды баға

Ескерту: Сессияға оқу ақысын толық төлеген, сабаққа 75% -дан жоғары қатысқан, ағымдық және межелік бақылаулардан кемінде 25 балл жинаған студенттер жіберіледі.

Назар аударыңыздар: Барлық тапсырма түрлерін орындау және тапсыру барысында, сонымен бірге межелік бақылау мен емтихан тапсырған кезде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау қажет. Межелік бақылау мен емтихан кезінде барлық ақпараттық, есептегіш құралдарды пайдалануға немесе басқа студентпен сөйлесуге, көшіруге тыйым салынады. Бұл талап орындалмаған жағдайда емтихан тапсыру тоқтатылып, акт толтырылады. Акт толтырылған студенттер академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін факультет декандары шара қолданады. Егерде студент емтихан барысында академиялық адалдық қағидаттарын өрескел бұзған жағдайда оқудан шығару мәселесі қаралады.

Қорытынды бақылаудың оң бағасын емтихан сессиясының осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

«FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие. Бұл ретте емтихан сессиясы барысында факультет деканының рұқсатымен студент емтиханды жеке кесте бойынша тапсырады.

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні бойынша емтиханды екі реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 11-беті

Үшінші рет «қанағаттанарлықсыз» бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағасын алғанда, білім алушы қаншалықты «қанағаттанарлықсыз» бағасын алуына қарамастан университеттен оқудан шығарылады және осы пәнге қайтадан жазылу мүмкіндігінен айырылады.

Курстан курсқа көшу GPA (Grade Point Average) балын жинаған студент келесі курсқа көшіріледі: 1 курстан 1,5; 2 курстан – 1,8; 3 курстан – 2,00; 4 курстан-2,33.

10. БІЛІМ АЛУШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

10.1 Сабақты жібермеу және кешікпеу керек, науқастыққа байланысты сабақтан қалған жағдайда деканатқа анықтама әкелу керек.

10.2 Сабақ кезінде әңгімелеспеу, ұялы телефонды және басқа да коммуникация құралдарын пайдаланбау керек.

10.3 Сабаққа іскер киіммен келу керек.

10.4 Мәдениетті болу керек, басқалардың көзқарасын сыйлау қажет және қарсылығыңыз болса оны әдепті түрде айту керек.

10.5 Тапсырмаларды орындамаған жағдайда қорытынды баға төмендетіледі.

10.6 Аралық және қорытынды бақылау кезінде көшіру, басқа студент үшін емтихан тапсыру қатаң айыпталады.

Ескерту: Дәрістер мен практикалық сабақтарға қатысып, белсенділік көрсету сіздің міндетіңіз және ол қорытынды бағаның негізгі құраушы болып табылады. Сабаққа қатыспау сіздің үлгеріміңізге және қорытынды бағаға әсер етуі мүмкін. Тек сабаққа қатысып отыру баллдың көбеюіне өзінен-өзі әсер ете алмайды, сондықтан сабақта үнемі сіздің белсенділігіңіз қажет. Оқулықтың көрсетілген бөлімдерін және қосымша материалдарды тек қана семинар сабақтарына дайындалғанда ғана емес, сонымен қатар тиесілі дәріс сабағының алдында да қарап, танысу қажет. Бұндай дайындық сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және сіздің белсенділік танытуыңызға әсерін тигізеді.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 12-беті

Қосымша 1. Ф.ЖН-03.02

<p>«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС</p> <p>«.....» факультеті «.....» кафедрасы</p> <p>«.....» ПӘНІ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ</p> <p>жоғары оқу орны студенттері үшін</p> <p>Шымкент, 2023</p>		
<p>Құрастырған:</p> <p>«.....» пәнінен тапсырмаларды бағалау критерийлері: Білім топтары бойынша жоғары оқу орны студенттері үшін. Шымкент: «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС, 2023.</p>		
<p>1- АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ 1 - тақырып. Білім беру-жалпы адамзаттық құндылық ретінде (реферат)</p> <p>Жеке жұмысты бағалау критерийлері:</p>		
№	Бағалау критерийі	Берілетін балл
1	<ul style="list-style-type: none"> - рефераттың тақырыпқа сәйкестігі, - тақырыпты ашудың тереңдігі мен толықтығы, - бастапқы көз мазмұнын берудің барабарлығы, - логикалық байланыстылық, - дәлелдеу, - құрылымдық тәртіп, - безендіру (жоспардың, әдебиеттер тізімінің болуы, дәйексөз мәдениеті және т. б.), - тілдік сауаттылық. - Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытындының дұрыс құрылуы 	15 балл
2	<ul style="list-style-type: none"> - рефераттың тақырыпқа сәйкестігі, - тақырыптың толық шылмауы, - бастапқы көз мазмұнын берудің барабарлығы, - логикалық байланыстың болмауы, - дәлелдеу, - құрылымдық тәртіп, - безендіру (жоспардың, әдебиеттер тізімінің болуы, дәйексөз мәдениеті және т. б.), - тілдік сауаттылық. - Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытындының толық еместігі 	10 балл

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 13-беті

3	<ul style="list-style-type: none"> - рефераттың тақырыптан ауытқуы, - тақырыптың толық шылмауы, - бастапқы көз мазмұнын берудің барабарлығы, - логикалық байланыстың болмауы, - дәлелдеу, - құрылымдық тәртіп, - безендіру (жоспардың, әдебиеттер тізімінің болуы, дәйексөз мәдениеті және т. б.), - тілдік сауаттылықтың болмуы; - Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытындының біреуінің болмауы 	8 балл
---	---	--------

2 - тақырып. Оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологияларын салыстыру(мультимедиялық презентация құрастыру)

Тапсырма түрі: топтық жұмыс

Топтық жұмысты бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийі	Берілетін балл
1	<ul style="list-style-type: none"> -Жобаның атауы немесе сабақтың тақырыбы, автор туралы мәлімет, жасалған күні, ақпарат алынған көздер және т.б. жазылатын слайдтың алғашқы бетінің (титул) болуы. - Тақырыптың мақсаты мен міндеті, мазмұнының қысқаша сипаттамасы жазылған кіріспе бөлімінің болуы. - Презентацияның бөлімдеріне сілтемесі бар тақырыптың мазмұнының болуы. - Презентацияның логикалық тұрғыдан аяқталуы: қорытынды, шешім болуы. - Оқу презентациясының соңғы бөлімінде құрылымдық элементтерінің болуы: аудиторияда орындауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар, үйге берілген тапсырмалар. - Слайдта нақты мәтіндік ақпараттың болуы (үш шағын деректер, бір маңызды дерек). - Слайдтағы кеңістікті орынды қолдана алуы. - Презентацияның фоны мен мазмұнының сәйкес келуі. 	25 балл
2	<ul style="list-style-type: none"> -Жобаның атауы немесе сабақтың тақырыбы, автор туралы мәлімет, жасалған күні, ақпарат алынған көздер және т.б. жазылатын слайдтың алғашқы бетінің (титул) болуы. - Тақырыптың мақсаты мен міндеті, мазмұнының қысқаша сипаттамасы жазылған кіріспе бөлімінің болуы. - Презентацияның бөлімдеріне сілтемесі бар тақырыптың мазмұнының болмауы. - Презентацияның логикалық тұрғыдан аяқталмай қалуы; - Оқу презентациясының соңғы бөлімінде құрылымдық элементтерінің болуы: аудиторияда орындауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар, үйге берілген тапсырмалар. - Слайдта нақты мәтіндік ақпараттың болмауы (үш шағын деректер, бір маңызды дерек). - Слайдтағы кеңістікті орынды қолдана алуы. - Презентацияның фоны мен мазмұнының сәйкес келуі. 	20 балл

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 14-беті

3	<ul style="list-style-type: none"> - Тақырыптың мақсаты мен міндеті, мазмұнының қысқаша сипаттамасы жазылған кіріспе бөлімінің болмауы. - Презентацияның бөлімдеріне сілтемесі бар тақырыптың мазмұнының болмауы. - Презентацияның логикалық тұрғыдан аяқталмай қалуы: қорытынды, шешім болмауы. - Оқу презентациясының соңғы бөлімінде құрылымдық элементтерінің болмауы: аудиторияда орындауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар, үйге берілген тапсырмалар. - Слайдта нақты мәтіндік ақпараттың болмауы (үш шағын деректер, бір маңызды дерек). - Слайдтағы кеңістікті орынды қолдана алмауы. - Презентацияның фоны мен мазмұнының сәйкес келмеуі. 	15 балл	
---	---	---------	--

2- АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

1 - тақырып. Білім берудің негізгі мақсаты ретінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру. (кейс-тапсырманы орындау)

Жеке жұмысты бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийі	Берілетін балл
1	<ul style="list-style-type: none"> - Кейс-тапсырманы орындаудың ғылыми-теориялық деңгейі. - Кейс шешімінің толықтығы. - Кейсті талдау және оны шешу кезіндегі шығармашылық және дербестік деңгейі. Дәлелдей алу және сенімділік. - Материалды баяндау формасы (еркін; өз сөзімен; ауызша немесе жазбаша сөйлеу сауаттылығы) және презентация сапасы. - Ауызша презентация кезінде сөйлеу, қимыл, мимика мәдениеті. - Қорытындылардың толықтығы мен жан-жақтылығы. - Мәселеге деген жеке өзінің көзқарасының болуы. 	15 балл
2	<ul style="list-style-type: none"> - Қарастырылған сұрақты толық баяндау, оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес, оқытушы көрсеткеннен кейін дербес түзетілген маңызды емес қателер бар кезде, <ul style="list-style-type: none"> - материалды жүйелі түрде ұсыну, жетекші ғылыми идеяларды, пәндік байланыстар жүйесін түсінуге тырысса, - талдау және синтез операцияларының көмегімен зерттелген маңызды белгілерді бөліп көрсету, қорытындылар мен жалпылауды тұжырымдау, кейбір кішігірім қателіктерге жол берілген, - оқу материалындағы қайшылықтарды анықтай білу және оқытушының жетекші сұрақтарын көмек ретінде қолдана отырып, мәселені өз бетінше анықтай білуі, - дәлелдеу формаларын қолдана отырып, материалдың логикалық баяндалуы. 	12 балл
3	<ul style="list-style-type: none"> - Қарастырылған сұрақтың баяндалуы толық емес, оқытушының көмегімен түзетілген маңызды қателіктер бар, 	8 балл

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 15-беті

<ul style="list-style-type: none"> - жеке ұғымдардың негізгі теориялық ережелерін жаңғырта, маңызды байланыстарды толықтырып сипаттай алмайды, - зерттелгеннің маңызды белгілерін бөліп көрсетудегі қиындықтар, тұжырымдар мен жалпылауды тұжырымдаудағы қателіктерге жол береді, - студент оқу материалындағы қайшылықтарды және мәселені тек оқытушының көмегімен анықтайды, - баяндау логикасы ішінара бұзылған, баяндама жасаудың репродуктивті түрі қолданылған жағдайда. 		
--	--	--

2 - тақырып. Жүйелік инновациялық педагогикалық технологиялар (топтық жұмыс, анимациялық видео)

Топтық жұмысты бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийі	Берілетін балл
1	Егер студент топта: -мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, талдау жасай алса; -студенттің жауабы толық дұрыс, түсінікті болуы керек; -кезекпен сөйлесу; -белсенді тыңдау; -сұрақ қою және сұрақ бар ма екенін сұрау; -рольдер мен жауапкершіліктерді ұғынуы; -ұсыныс енгізу және басқаларда ұсыныс бар ма екенін сұрау; -өз ойларын жеке пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу; -ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылау, көмектесу және көмек беру -топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келу; -талқылаудың қорытындысын шығару, дәйекті айғақтар келтіру.	15 алл
2	Егер студент топта: -мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, талдау жасай алса; -студенттің жауабы толық дұрыс, түсінікті болуы керек; -кезекпен сөйлемей, бір-біріне кедергі келтірсе; -рольдер мен жауапкершіліктерді ұғынуы; -сұрақ қою және сұрақ бар ма екенін сұрау; -ұсыныс енгізуде қиналса; -өз ойларын және пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу; -ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылауда белсенділік көрсетпесе -топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келуде қателіктер жіберсе	12 балл
3	Егер студент топта: -мәліметтерді теориялық тұрғыдан талдау жасай алмаса; -студенттің жауабы бар, бірақ толық емес; -сұрақ қоюда белсенділік төмендесе;	8 балл

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 16-беті

	-ұсыныс енгізуде қиналса; -ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылауда белсенділік көрсетпесе; -топтық шешім қабылдау және бір тоқтайға келуде қателіктер жіберсе		
--	---	--	--

3- АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

1 - тақырып. Тәрбие және оқыту теориясы мазмұны (инфографика құрастыру)

Жеке жұмысты бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийі	Берілетін балл
1	<ul style="list-style-type: none"> - Қарастырылған сұрақтың баяндалуы толық, оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес студенттер өз бетінше түзететін маңызды емес қателер бар болса, - материалды жүйелі түрде ұсыну, ғылыми процестердің заңдылықтарын түсіну, пәнаралық ұғымдар жүйесін игеру білігі бар, - талдау және синтез операцияларының көмегімен зерттелген маңызды белгілерді бөліп көрсете, қорытындылар мен жалпылауды тұжырымдай алған кезде, - оқу материалындағы қайшылықтарды анықтай білу, мәселені өз бетінше анықтай білуі жүрсе, - проблемалық презентация әдістерін, ойлау формаларын, дәлелдемелерді қолдана отырып, материалды логикалық түрде ұсына алған жағдайда. 	15 балл
2	<ul style="list-style-type: none"> - Қарастырылған сұрақты толық баяндау, оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес, оқытушы көрсеткеннен кейін дербес түзетілген маңызды емес қателер бар кезде, - материалды жүйелі түрде ұсыну, жетекші ғылыми идеяларды, пәндік байланыстар жүйесін түсінуге тырысса, - талдау және синтез операцияларының көмегімен зерттелген маңызды белгілерді бөліп көрсете, қорытындылар мен жалпылауды тұжырымдау, кейбір кішігірім қателіктерге жол берілген, - оқу материалындағы қайшылықтарды анықтай білу және оқытушының жетекші сұрақтарын көмек ретінде қолдана отырып, мәселені өз бетінше анықтай білуі, - дәлелдеу формаларын қолдана отырып, материалдың логикалық баяндалуы. 	12 балл
3	<ul style="list-style-type: none"> - Қарастырылған сұрақтың баяндалуы толық емес, оқытушының көмегімен түзетілген маңызды қателіктер бар, - жеке ұғымдардың негізгі теориялық ережелерін жаңғырта, маңызды байланыстарды толықтырып сипаттай алмайды, - зерттелгеннің маңызды белгілерін бөліп көрсетудегі қиындықтар, тұжырымдар мен жалпылауды тұжырымдаудағы қателіктерге жол береді, - студент оқу материалындағы қайшылықтарды және мәселені тек оқытушының көмегімен анықтайды, 	8 балл

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 17-беті

- баяндау логикасы ішінара бұзылған, баяндама жасаудың репродуктивті түрі қолданылған жағдайда.

2 - тақырып. Педагогикалық үдерісті дамыту стратегиясы (жұмыстың тақырыптық портфолиосын құрастыру (мәселені шешудің негізі ретінде әдіснамалық, аксиологиялық, теориялық конструкциялардың болуы)

Топтық жұмысты бағалау критерийлері:

№	Бағалау критерийі	Берілетін балл
1	Егер студент топта: -мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, талдау жасай алса; -студенттің жауабы толық дұрыс, түсінікті болуы керек; -кезекпен сөйлесу; -белсенді тыңдау; -сұрақ қою және сұрақ бар ма екенін сұрау; -рольдер мен жауапкершіліктерді ұғынуы; -ұсыныс енгізу және басқаларда ұсыныс бар ма екенін сұрау; -өз ойларын жеке пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу; -ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылау, көмектесу және көмек беру -топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келу; -талқылаудың қорытындысын шығару, дәйекті айғақтар келтіру.	25 балл
2	Егер студент топта: -мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, талдау жасай алса; -студенттің жауабы толық дұрыс, түсінікті болуы керек; -кезекпен сөйлемей, бір-біріне кедергі келтірсе; -рольдер мен жауапкершіліктерді ұғынуы; -сұрақ қою және сұрақ бар ма екенін сұрау; -ұсыныс енгізуде қиналса; -өз ойларын және пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу; -ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылауда белсенділік көрсетпесе -топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келуде қателіктер жіберсе	20 балл
3	Егер студент топта: -мәліметтерді теориялық тұрғыдан талдау жасай алмаса; -студенттің жауабы бар, бірақ толық емес; -сұрақ қоюда белсенділік төмендесе; -ұсыныс енгізуде қиналса; -ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылауда белсенділік көрсетпесе; -топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келуде қателіктер жіберсе	15 балл
4	Егер студент топта:	10 балл

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		ЖН-03-23
Сапа менеджменті жүйесі	Жұмыс нұсқау	2-нұсқа
Пәннің оқу жұмыс бағдарламасының (SILLABUS) жасалуы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптар		18 беттің 18-беті

	<ul style="list-style-type: none"> -мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, талдау жасай алмауы; -студенттің жауабы бар, бірақ толық емес -сұрақ қоюда белсенділік төмендесе; -ұсыныс енгізуде қиналса; -ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылауда белсенділік көрсетпесе; -топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келуде қателіктер жіберсе; -идеялардың болмауы 		
--	---	--	--